

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ



Қаржы



Даму



Инновация

МАЗМҰНЫ



03

ҚОЛДАНЫЛҒАН
ҚЫСҚАРТУЛАР



04

ТӨРАҒАНЫҢ ҮНДЕУІ

06

ҚОР ТУРАЛЫ

08

КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ

11

2020 ЖЫЛЫ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК
БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

13

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК
БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ
ҚАТЫСУШЫЛАР

15

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ

20

КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН
ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

23

2020 ЖЫЛЫ ЖЕКЕ
САЛЫМДАР БОЙЫНША
ҰСЫНЫЛАТЫН ЕҢ
ЖОҒАРЫ СЫЙАҚЫ
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

28

ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНЫҢ
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

36

АҚПАРАТ БЕРУ-ТҮСІНДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫ

39

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

41

ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІН
ДАМУДЫҢ КЕЛЕШЕК
БАҒЫТТАРЫ

45

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР



ҚНРДА, Агенттік –

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі



ҚКҚ –

Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы



Банк, қатысушы банк –

ДКЖ қатысушысы болып табылатын екінші деңгейдегі банк



Агент банк –

ДКЖ қатысушысы болып табылатын және Қормен жасасқан келісім негізінде кепілдік берілген өтемді төлеу рәсімін жүзеге асыратын банк



Қосылу шарты –

талаптарын Қор анықтайтын, нормалары барлық қатысушы банктер үшін міндетті болып табылатын, салымдар қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензия алған екінші деңгейдегі банктің (Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының) қосылу шарты



ЕЭО –

Еуразиялық экономикалық одақ



Заң –

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы



Консультативтік кеңес –

бұл ДКЖ-ге қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін және олардың өкілдерінен құрылған алқалы консультативтік-кеңесші орган



ҚРҰБ –

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі



ДКЖ –

депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі немесе депозиттерге кепілдік беру жүйесі



Қор –

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ



IADI –

International Association of Deposit Insurers (Депозиттерге кепілдік берушілердің халықаралық қауымдастығы)



Құрметті әріптестер мен серіктестер!

Тұрып жатқан еліне және қызмет түріне қарамастан, 2020 жыл барлығымыз үшін нағыз сынақ жылы болды. Біз жаңа жағдайға байланысты қашықтан жұмыс істеу түріне бейімделуге, шектеулер режимінде өмір сүруді үйренуге және өмірдің көптеген аспектілерінің мәжбүрлі онлайн форматқа ауысуына үйренуге тура келді.

Биылғы оқиғалар даму жолын және Қордың бизнес-үдерістерінің біздің заманымыздың жаңа сын-тегеуріндеріне сәйкестігін бағалауға қосымша себеп болды. Сөйтіп, сапалы жаңартуға қадам жасалды.

Бұл қайта пайымдаудың негізгі бағыттарының бірі әдістемелік және технологиялық тұрғыда кепілдік берілген өтемді төлеуді жаңарту болды.

Төлем үдерісінің жұмыс істеуінің қазіргі маңызды аспектілері, біздің ойымызша, сақтандыру оқиғасы туындаған жағдайда лицензиясынан айырылған банкте салымшылардың ақшаны алуының жылдамдығы мен ыңғайлылығы болып табылады.

Қор мен Қазақстанның Ұлттық Банкі бастамасымен заңнамаға енгізілген өзгерістер нәтижесінде есепті жылы келесі жаңа енгізілімдер іске қосылды:

- 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап кепілдік берілген өтем банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап емес, банкті барлық банк операцияларын жүргізу

лицензиясынан айыру күнінен бастап төлене бастады;

- Агент банкті таңдау бойынша байқау өткізу тәртібі мен агент банкке қойылатын талаптарды айқындау жөніндегі өкілеттіліктер Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорына берілді. Бұған дейін оларды өкілетті орган белгілейтін;
- 2020 жылы Қор банктердегі ақпараттық жүйені жаңарту және қайта орнату бойынша жұмыстар жүргізді. Бұл салымшылардың тізілімін жылдам алуға және кепілді өтем сомасы туралы мәліметтерді агент банкке беру кезінде ықтимал қателіктерді жоюға мүмкіндік береді.

Бұл шаралардың барлығы төлемдердің басталуын едәуір жеделдетуге мүмкіндік берді. Осылайша уәкілетті органның Р&А операциясын жүргізбеу туралы қысқа мерзім ішінде қабылданған шешімінің арқасында 2020 жылдың 18 қыркүйегінде лицензиясынан айырылған «Tengri Bank» АҚ салымшылары төлемдерді рекордтық мерзімде – банк лицензиясынан айырылған күннен бастап, 8 жұмыс күнінен кейін ала бастады. Салыстыру үшін сот рәсімдерінің аяқталуын күтуге байланысты бұрынғы банктер үшін төлемдердің басталу мерзімі қаржылық реттеуші олардың лицензияларын қайтарып алған күннен бастап, 80 күннен 107 жұмыс күніне дейін созылды. Бұл ретте бірінші айдың ішінде-ақ бұл банктің салымшыларына Қор міндеттемелерінің жалпы сомасының 86%-дан астамы төленді.

Интернетке жаппай көшудің әлемдік үрдісі, сондай-ақ қазақстандықтардың күнделікті өмірінде бірқатар банктік қосымшаларды әзірлеу мен енгізудегі жетістіктер де назардан тыс қалмады. Қор салымшыларды қызмет көрсетудің жаңа деңгейімен қамтамасыз етуде ең озық тәжірибені басшылыққа ала отырып, Қор өзінің ақпараттық технология құрылымына негізделген технологиялық шешімді анықтады – кепілдік берілген өтемді онлайн төлеу қызметін іске қосты. Бұл шешім адамдардың агент банк бөлімшелеріне бару шығындарын азайтады, филиалдарға баруды және кезек күту уақытын қажет етпейді, сондай-ақ әлеуметтік шиеленісті, әсіресе төлемдердің алғашқы күндерінде төмендетеді. Бұдан басқа, бұл жаңашылдық өтемақыны алудың ыңғайлылығы мен жылдамдығын едәуір арттырады, операциялық қателіктерді жояды және тиісті дәрежеде қорғап, салымшылар деректерінің толық сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Тиісті заңнамалық өзгерістерді есепті жылы Парламент қолдап, мемлекет басшысы 2021 жылы 2 қаңтарда қол қойды. Сөйтіп 2021 жылдың 1 мамырынан бастап күшіне енді.

Кепілдік өтемақы алудың балама әдісін енгізу салымшыға бір мезгілде қолайлы жағдай туғызады және «ұйқыдағы шоттар» мәселесін – салымшылар кепілдік өтемақыларының көлемі тым аз болуына байланысты талап етпеген сомалар мәселесін шешеді. Сонымен қатар дәстүрлі қызмет көрсету әдісін қалайтын салымшылар, сондай-ақ олардың атынан өтініш бере алатын үшінші тұлғалар (мұрагерлер, сенім білдірілген өкілдер және басқа да құқық иеленушілер) тікелей агент банкке барып, қағаз жүзінде өтініш бере алады. Салымшылардың ыңғайлылығын жақсартуға бағытталған тағы бір жаңалық – бір агент банкпен емес, бірнеше банкке өтініш беру мүмкіндігі.

2020 жылғы сын-тегеуріндердің қайталану қаупі, сондай-ақ банктік тәуекелдерді бағалау тәсілдерінің және жаңа стандарттардың енгізілуінің елеулі өзгерістері бізді жарналардың сараланған мөлшерлемелерін белгілеу тәсілін қайта қарауға мәжбүр етті. Бұл өз кезегінде банктердің қаржылық тұрақтылығын бағалаудың жаңа моделінің жобасында көрініс тапты, ол мына қызметтерді біріктіреді: банк секторындағы өзгерістер мен бухгалтерлік есеп тәжірибесі, проблемалық банктерді бақылау тәжірибесі, тәуекелге бағытталған тәсіл, банктің бизнес моделін кешенді бағалау және заманауи талдамалы тәжірибелер. Бұл үлгіні іске асыру мақсатында 2021 жылы банктермен талқылауды бастау жоспарлануда. Жаңа модельді енгізу банктер қабылдаған тәуекелдердің өсуіне қарай жарна мөлшерлемелерінің оған ден қою тиімділігін арттырады.

Жеке депозиттер нарығының қаржылық тұрақтылығын сақтау үшін Қор нарықтық үдерістерді ескере отырып, ұсынылатын максималды мөлшерлемелерді анықтайтын әдістемені жетілдіруді жалғастырды. Бір жағынан, қысқа мерзімді депозиттер мөлшерлемесі базалық мөлшерлеме негізінде анықталады (ол экономикадағы ақшаның ағымдағы құнын көрсетеді). Екінші жағынан, ұзақ мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер Қор белгілеген жоғарғы шекті деңгейден аспайтын, нарықтық құнға сәйкес келеді. Сонымен қатар 2020 жылы Қор мен Ұлттық банк жүйелік тәуекелге қосымша жарна енгізу арқылы банктерді мөлшерлемені көтеруден бас тартқызатын макроэкономикалық құралдарды әзірледі: банк ұсынған мөлшерлеме шекті көрсеткішке неғұрлым жақын болған сайын, банк соғұрлым көп мөлшерде жарна төлейді. Бұл базалық мөлшерлемеге қатысты мөлшерлеменің шамадан тыс жоғарылауын және несие бойынша пайыздық мөлшерлеменің өсуін жанама ынталандыратын пайыздық шығындардың өсуін жояды.


2020 жыл әлемдік тарихта ерекше жыл ретінде қалатыны сөзсіз. Тұрақтылықтың болмауы, бір жағынан, адам қызметінің барлық салаларына әсер етті және жаһандық дағдарысқа әкелді, екінші жағынан, бұл дамуға, мәселелерді шешуде жаңа мүмкіндіктерді іздеуде серпін берді. Қордың жетілу қабілеті отандық депозиттерге кепілдік беру жүйесінің кемелденіп, орнықты бола түскендігінің айқын дәлелі.

Қордың қолданыстағы жобаларының табысты шешілуі банк секторының тұрақтылығына, сондай-ақ депозиттерге кепілдік беру жүйесінің одан әрі дамуына ықпал ететініне сенімдімін. Болашақта Қор әлемнің озық тәжірибелерін ескере отырып, Қордың бизнес-үдерістері мен рәсімдерін жеделдету үшін Ұлттық Банкпен тығыз ынтымақтастықты жалғастырады.

Ізгі құрметпен, Әділ Өтембаев
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры»
АҚ Төрағасы

KDIF ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ҚОР ТУРАЛЫ



ҚОР ТУРАЛЫ

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ҚРҰБ Басқармасының **1999 жылғы 15 қарашадағы №393** қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің бастамасымен 1998 жылғы экономикалық дағдарыстан кейін елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатында құрылды.

Қор – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, коммерциялық емес ұйым. Қордың құрылтайшысы және жалғыз акционері – ҚРҰБ.

1 ҚОР МИССИЯСЫ

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері салымшыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға тиімді қатысушы болу.

2 ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМА

Қор:

- депозиттерге кепілдік беру жүйелерінің тиімділігі үшін IADI Негізгі қағидаларына сәйкес болу
- миссияны үздік әлемдік тәжірибе жетістіктерін пайдалана отырып жүзеге асыруға ұмтылу.

3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;
- қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған жағдайда кепілдендірілген салымдар иелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

4 ҚОРДЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

- заң талаптарына сәйкес кепілдік берілген өтемді төлеу;
- ДКЖ-ге қатысатын банктердің тізілімін жүргізу;
- арнайы резервті қалыптастыру;
- активтерді инвестициялау;
- Қордың басқару органы айқындаған тәртіппен конкурстық негізде агент банкті таңдау;
- Заңның 16-бабында көзделген жағдайда банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір уақытта беру операциясына қатысу;
- қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- Қор алдында өзі төлеген (төлейтін) кепілді өтемнің сомасы бойынша берешекті өтеген кезге дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің (қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының) тарату комиссиясы мен кредиторлар комитетінің құрамына қатысу.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Жалғыз акционер ретінде ҚРҰБ Қордың жоғарғы органы қызметін атқарады. ҚРҰБ Төрағасының бұйрығына сәйкес акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдерді ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Біртанов Есжан Амантайұлы қабылдайды.

2020 жылы Акционер Қордың айрықша құзыретіне кіретін маңызды мәселелер бойынша 9 шешім қабылдады. Соның ішінде:

- Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің санын анықтау және оның мүшелерін сайлау;
- Қордың жылдық қаржылық есептілігін және Қордың 2019 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту;
- жаңа редакцияда Қордың Жарғысын бекіту;
- Қордың 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына Төраға мен бес мүше кіреді: екі тәуелсіз директор, жалғыз акционердің екі өкілі және Қор төрағасы.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың Директорлар кеңесінің құрамы:

**Баймағамбетов Ақылжан
Мәлікұлы**

Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы

**Тәжияқов Бисенғали
Шамғалиұлы**

тәуелсіз директор

**Қарақұсов Фархад
Сергеевич**

тәуелсіз директор

**Тутушкин Виталий
Алексеевич**

Директорлар кеңесінің мүшесі

**Шаймарданов Жандос
Нұрланұлы**

Директорлар кеңесінің мүшесі

**Өтембаев Әділ
Нұрланұлы**

Қор Төрағасы


Есепті жылы Қордың Директорлар кеңесінің 40 отырысы өткізілді (дауыс берудің сырттай 38, іштей 2 нысаны бойынша), онда мынадай маңызды шешімдер қабылданды:

- Қордың Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау;
- Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық және дербес құрамын бекіту;
- Жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- Қордың 2019 жылға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы есепті бекіту, 2020 жылға арналған Даму жоспарына түзетулер енгізу, сондай-ақ 2021 жылға арналған Даму жоспарын бекіту;
- Қосылу шартын және Қордың қатысушы банктің Қосылу шартының талаптарын орындау сәйкестігін, оның ішінде кепілдендірілген депозиттер бойынша міндеттемелерді және жаңа редакциядағы кепілдік берілген өтем сомаларын автоматты түрде есепке алуды бекіту бойынша шараларды өткізу Қағидаларын бекіту;
- Қордың Нұр-Сұлтан қ. өкілдігін құру және Өкілдік туралы ережені бекіту;
- Агент банкті таңдау бойынша конкурс өткізу ережесіне және агент банкке қойылатын талаптарға енгізілетін өзгерістерді бекіту.

Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері

2020 жылы Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері есепті жылы мәселелерді қарау бойынша жұмыс жүргізді және Қордың Директорлар кеңесіне келесі ұсыныстарды дайындады:

- Стратегиялық комитет – 8 отырыс;
- Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет – 6 отырыс;
- Аудит жөніндегі комитет – 8 отырыс.




Қордың Консультативтік кеңесі

2020 жылы Қордың Консультативтік кеңесінің құрамына ДҚЖ-ге қатысушы 12 банктің өкілдері кірді:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Төраға)
- «Forte Bank» АҚ;
- «Kaspi Bank» АҚ;
- «Еуразиялық банк» АҚ;
- «Банк ЦентрКредит» АҚ;
- «Казкоммерцбанк» АҚ;
- «Цеснабанк» АҚ;
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ;
- «АТФ Банк» АҚ;
- «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕБ;
- «Альфа-Банк» ЕБ АҚ;
- «Tengri Bank» АҚ³.

ҚҚҚ - Консультативтік кеңестің тұрақты мүшесі болып табылады.



Қордың Консультативтік кеңесінің алдында келесі негізгі міндеттер тұр:

- қатысушы банктер тұрғысынан Қазақстан Республикасындағы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарына қатысты ұсыныстарды әзірлеу және қарау;
- Қордың Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған, Қосылу шартына, Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін айқындау ережелеріне және Қордың басқа да актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын алдын ала қарау;
- қажет болған жағдайда Жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау мен бекіту әдістемесіне сәйкес Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылатын жеке тұлғалардың жаңадан тартылған салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің ең жоғары мөлшерін алдын ала қарау;
- қатысушы банктердің Қосылу шарты аясында өз міндеттемелерін орындау кезінде туындауы мүмкін түсініксіздіктер, дәлсіздіктер мен қарама-қайшылықтарды жоюға қатысты ұсыныстар әзірлеу;
- қатысушы банктердің Қосылу шарты бойынша міндеттемелерін, оның ішінде алымдар мен өсімпұлдарды төлеуді орындамауының ықтимал жағдайларын болдырмау тұрғысынан ұсыныстар әзірлеу.

Есепті жылы Қордың Консультативтік кеңесінің 9 отырысы өткізілді, онда келесі негізгі мәселелер талқыланды:

- Жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау мен белгілеу әдістемесін өзектендіру;
- Қосылу шартын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіруге байланысты Қосылу шартын жаңа редакцияда қарау және бекіту, автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйелерді Қор шартының талаптарына сәйкестендірудің өтпелі кезеңін айқындау;
- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Қатысушы банктің Қосылу шартының талаптарын орындау сәйкестігін, оның ішінде кепілдендірілген депозиттер бойынша міндеттемелерді және жаңа редакциядағы кепілдік берілген өтем сомаларын автоматты түрде есепке алуды анықтау бойынша шараларды өткізу қағидаларын жаңа редакцияда қарау және бекіту;
- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін айқындау ережесіне, оның ішінде банктер ұсынатын есеп берудің жекелеген түрлерін алып тастау және шекті мәндер көрсеткіштері мен баллдарды қайта қарау мақсатында өзгерістер енгізу.

³ «Tengri Bank» АҚ ДҚЖ-дан шығарылған күнге дейін – 18.09.2020 ж. – Қордың Консультативтік кеңесінің мүшесі болды

KDIF ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

2020 ЖЫЛЫ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ



2020 жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамыту

Жаңа сақтандыру уақиғасы

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қатысушы банктің барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылуы кепілдік өтемақыны төлеудің негізіне айналды. Бұрын өтемақы төлеу банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 14 жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын. Сот шешімін күтпестен өтемақы төлеуге мүмкіндік беретін өзгерісті Қор ҚРҰБ-бен бірге 2019 жылы енгізді.

Салымшыларға кепілдік өтемақыны төлеу қатысушы банктен лицензияны қайтарып алған күннен бастап, 35 жұмыс күнінен кешіктірілмей басталады, оның ішінде 20 жұмыс күні уақытша әкімшіліктің лицензиясынан айырылған банктің активтері мен міндеттемелерін сатып алушы банкке бір мезгілде беру (P&A) мәселесін шешуге арналған. Бұл операция Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен келісіледі.

Егер P&A операциясын жүргізу туралы шешім қабылданса, салымдар банктің басқа активтерімен бірге басқа қаржы институтына беріледі, сәйкесінше лицензиясынан айырылған банктің салымшылары сатып алушы банктің клиенттері болады. Нәтижесінде Қор кепілдік өтемақыны төлеуге міндетті емес.

Егер Агенттік P&A операциясын жүргізуден бас тартса, Қор лицензиядан айырылған қатысушы банктің салымшылары алдында міндеттемелер қабылдайды және кепілдік өтемақыны заңнамада белгіленген мерзімде және кепілдік берілген максималды сома шегінде төлейді.

Сыйақыға берілетін кепілдік

Қордың бастамасымен ҚРҰБ-бен бірге 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап депозиттерге міндетті кепілдік беру объектілердің тізімі кеңейтілді. Қордың кепілдігі, басқалармен қатар есептелгендігіне немесе капиталдандырылғанына қарамастан салым бойынша сыйақыларға қолданылады.

Бұрын депозиттің қалдығына қосылған банктік салым шартында көзделген капиталдандырылған пайыздар ғана кепілдік объектісі болды. Есептелген, бірақ капиталдандырылмаған сыйақыға кепілдік қолданылмайтын – оны мәжбүрлеп таратылған банктің тарату комиссиясы өтеген.

Қордың кепілдігі жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлердің қатысушы банктердің банктік шоттарындағы (ағымдағы шоттар, төлем карталары мен депозиттері) ұлттық және шетел валютасындағы ақша қаражаттарына, сондай-ақ сыйақыларға кепілдік берілген өтемақының ең жоғары сомасы шегінде қолданылады.

Ең жоғары кепілдік сомасы:

- ұлттық валютадағы жинақ салымдары (депозиттері) үшін **15 миллион теңгені**;
- ұлттық валютадағы карточкалар, шоттар және басқа депозиттер үшін **10 миллион теңгені**;
- шетел валютасындағы карточкалар, шоттар және басқа депозиттер үшін **5 миллион теңгені** (қатысушы банкті лицензиясынан айыру күні белгіленген валюта бағамы бойынша балама) құрайды.

Егер салымшының бір қатысушы банкте түрі мен валютасына қарай әртүрлі бірнеше депозиті орналастырылса, онда барлық салымдар бойынша жиынтық қалдық сомаға кепілдік беріледі, бірақ кепілдік өтемақысының максималды мөлшерінен, яғни депозиттің әр түрі бойынша лимиттерді ескере отырып, **15 миллион** теңгеден аспайды. Бірнеше банктегі депозиттерге кепілдік өтемақысының максималды мөлшеріне дейін бөлек кепілдік беріледі.

Кепілді өтемнің шекті мөлшерінен асатын салымның қалдығын, салымшы банктің мүлкін және активтерін сату нәтижелері бойынша «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында белгіленген кезектілік тәртібімен мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан алуға құқылы.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР



ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

Депозиттерді қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензия алған барлық банктер (Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалдары) міндетті түрде ДКЖ-ге қатысушылар атанады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін екінші деңгейдегі 26 банктің 24-і, «Al-Hilal» Ислам Банкі» АҚ пен «Заман-Банк» Ислам Банкі» АҚ-ты қоспағанда ДКЖ-ге қатысады.

1-кесте. 2020.31.12 жағдай бойынша қатысушы банктердің тізімі

1	«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Limited ЕБ)	13	«Нұрбанк» АҚ
2	«AsiaCredit Bank (Азия Кредит Банк)» АҚ	14	«Ситибанк Қазақстан» АҚ
3	«First Heartland Jýsan Bank» АҚ	15	«Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп банкі» АҚ
4	«Kaspi Bank» АҚ	16	«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ
5	«АТФБанк» АҚ	17	«Capital Bank Kazakhstan» АҚ
6	«Bank RBK» АҚ	18	«ForteBank» АҚ
7	«Банк Kassa Nova» АҚ («ForteBank» АҚ ЕБ)	19	«Альфа-Банк» ЕБ АҚ
8	«Банк ЦентрКредит» АҚ	20	«Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ АҚ
9	«КЗИ БАНК» ЕБ» АҚ	21	Қазақстандағы «Пәкістан Ұлттық Банкі» ЕБ АҚ
10	«Еуразиялық банк» АҚ	22	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ
11	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	23	Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ
12	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	24	«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ

Қатысушы банк Заңда көрсетілген негіздер бойынша ДКЖ-ден шығарылады. 2020 жылы «Tengri Bank» АҚ ДКЖ-ден шығарылды, ол 2020 жылғы 18 қыркүйекте барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылды. Лицензиядан айырылған күннен бастап банкте уақытша әкімшілік жұмыс істей бастады, оның негізгі міндеттерінің бірі – банк салымшыларының тізілімін дайындап, Қорға тапсыру. «Tengri Bank» АҚ уақытша әкімшілігінің құрамына Қордың қызметкерлері де кіреді.

Есеп беру жылында Қор қызметкерлері мәжбүрлеп тарату үдерісіндегі қатысушы банктер: «Валют-Транзит Банк» АҚ, «Астана Банкі» АҚ және «Qazaq Banki» АҚ кредиторлар комитеттерінің 47 іштей және сырттай отырыстарына қатысты. Кездесулер барысында таратылатын банктердің мүлкін сату, дебиторлық қарызды өндіру, тарату комиссиясының шығын сметасын бекіту және таратылатын банктердің қызметіне қатысты басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.

Қордың қызметкерлері таратылатын банктердің салымшыларына кепілді өтемді төлеуге бағытталған ақшаны қайтаруды тездету үшін таратылатын банктің кредиторлар комитетінің мүшелері ғана емес, сонымен қатар Қор алдындағы берешек бойынша төленген (төленетін) кепілді өтем толық мөлшерде өтелгенге дейін «Валют-Транзит Банк» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ және «Delta Bank» АҚ тарату комиссияларының құрамына қатысады.

KDIF ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Арнайы резервті қалыптастыру

Қор Заңда көзделген міндеттемелерді орындау үшін жинақтау негізінде арнайы резерв қалыптастырады. Қордың арнайы резервінің қаражатынан кепілдік өтемақыны төлеу де, банк мүлкінің мөлшері мен басқа банкке (банктерге) берілген кепілдендірілген салымдар бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы айырма соманы өтеу де жүзеге асырылады.

Арнайы резервтің нақты мөлшері 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 598,4 млрд теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген салымдардың жалпы көлемінің 5,5%-ын құрады.

2-кесте. Арнайы резервтің құрылымы, млрд теңге

ҚАРЖЫ КӨЗІ	СОМА
Қатысушы банктердің жарналары	256,1
Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктерден кепілдік өтемақысы сомалары бойынша Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша	25,6
Қатысушы банктерге Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қолданылған тұрақсыздық айыптары	0,06
Қордың жарғылық капиталы мөлшерінің 70%-ы шегіндегі шығындары	55,6
Қордың жарғысында белгіленген тәртіппен шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған арнайы резервтің активтері мен меншікті активтерін орналастырудан алынған кірістер	261,1
БАРЛЫҒЫ	598,4

Арнайы резервтің нақты мөлшері 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталының 70%-ын ескере отырып, 763,4 млрд теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдендірілген депозиттердің жалпы сомасының шамамен 7,0%-ын құрады.

Арнайы резерв жеке тұлғалардың барлық салымдары бойынша кепілдік өтемақысын төлеуге жеткілікті (шоттардың 99,8%-ы толық көлемде кепілдендірілген). Бұл Қазақстандағы депозиттерді қорғау жүйесін Канада, АҚШ, Еуропалық одақ елдері, Корея және Жапония елдерімен теңестіреді. Халықаралық стандарттарға сәйкес салымшыларды қорғау жүйесінің резервтері ірі банктердің немесе бүкіл қаржы жүйесінің депозиттік базасын қамтымайды, тек күтілетін шығын деңгейіне сәйкес келуі тиіс. Арнайы резервтің деңгейі (барлық депозиттердің 7%-ы) Заңда көзделген мақсатты деңгейден (барлық кепілдік берілген депозиттер сомасының кемінде 5%-ы) жоғары. Лицензиясынан айырылған

қатысушы банктің барлық сақтандырылған салымшыларына кепілдік өтемақыны төлеуге арналған арнайы резервтің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында резервтік қаржыландырудың бірқатар шаралары қарастырылған, оның ішінде қатысушы банктерден қосымша жарналар, арнайы резерв тапшылығын жабу үшін ҚРҰБ-тан жетіспейтін сомаға несие алу құқығы бар.



Қатысушы банктердің жарналары

ДҚЖ-ге қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының есебін Қор тоқсан сайын «БАТА» жарналардың сараланған мөлшерлемелері жүйесі арқылы жүргізеді, ол әрбір банкке тән қаржылық ахуалға және тәуекелдердің жағдайы мен деңгейіне байланысты жарналарды төлеудің әділ жүйесін құруға негізделген.

Банктерді бағалаудың бұл тәсілі Қор қабылдаған тәуекелдер бойынша пропорционалды түрде міндетті күнтізбелік жарналарды жинауға мүмкіндік береді.

3-кесте. Міндетті күнтізбелік жарналардың мөлшерлемелері, %


ЖІКТЕУ ТОБЫ	A	B	C	D	E	S*
Қатысушы банктің күнтізбелік жарна мөлшерлемесі (қатысушы банктің жеке тұлғаларының барлық салымдары сомасынан %)	0,04	0,08	0,11	0,19	0,38	0,5

* «S» арнайы жіктеу тобына қатысушы банк Қор ұсынған сыйақының ең жоғары мөлшерлемесінен асып кеткен кезде, сондай-ақ қатысушы банк салымшыға ақшалай сыйлықтарды берген немесе жеке тұлғалардың салымдары агент арқылы тартылған жағдайда ауыстырылады.

Мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшыларына өтемақы төлеуді ескере отырып, қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының жинақталған сомасы 2020 жылдың соңында 256,1 млрд теңгеге жетті. Барлығы 2020 жылы қатысушы банктерден алынған күнтізбелік жарналардың көлемі 30,6 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 479,6 млн теңгеге көп. Бұл 3 қатысушы банктің жарналарының мөлшерлемелері жоғары топтарға ауысуына, сондай-ақ банк жүйесіндегі депозиттік базаның жеткілікті өсуіне байланысты болып отыр.

2020 жылдың 4 тоқсанының соңында қатысушы банктер жіктеу топтары бойынша былайшы орналастырылды: «А» тобының үлесі 25,0% (6 банк), «В» тобының үлесі – 37,5% (9 банк), «С» тобының үлесі – 25,0% (6 банк), «D» тобының үлесі – 4,2% (1 банк) және «Е» тобының үлесі – 8,3% (2 банк).

1-графика. «БАТА» жүйесінің жіктеу топтары бойынша қатысушы банктердің жіктелуі



Инвестициялау

Қордың инвестициялық портфельдерінің жалпы көлемі (меншікті активтер мен арнайы резерв) 2020 жылдың аяғында 939,6 млрд теңгені құрады, оның ішінде 256,2 млрд теңге меншікті активтер және 683,4 млрд теңге арнайы резерв бойынша қалыптасқан.

Қор активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты – олардың сақталуын қамтамасыз ету. Осыған байланысты активтер жоғары рейтингті «BB-/Ba3»-тен төмен емес жоғары өтімді бағалы қағаздарға орналастырылды, оның ішінде ҚР ҚМ облигациялары, ҚРҰБ ноталары мен депозиттері, ЕҚДБ, ЕДБ, АДБ, ХҚҰ облигациялары, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ облигациялары.

4-кесте. Қордың арнайы резервінің портфелі, млрд теңге

АТАУЫ	2020 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫ	ПОРТФОЛЬДЕГІ ҮЛЕС
ҚРҰБ ноталары	23,4	3%
ҚРҰБ депозиттері	47,0	7%
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ облигациялары	75,4	11%
ЕҚДБ, ЕДБ, АДБ, ХҚҰ облигациялары	163,1	24%
ҚР ҚМ облигациялары	374,7	55%
БАРЛЫҒЫ	683,4	100%

2020 жылдың соңында инвестициялық кіріс 73 млрд теңгені құрады, ал арнайы резервтің активтерінен қалыптасқан инвестициялық портфельден түскен кіріс 54,1 млрд теңгені, меншікті активтерден - 18,9 млрд теңгені құрады.



Мәжбүрлеп таратылған банктердің төленген (төленетін) кепілдік өтемақысы сомалары бойынша Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша мәжбүрлеп таратылатын банктерге кепілдік өтемақының сомалары бойынша Қордың талаптары 69,8 млрд теңгені, қанағаттандырылған талаптар – 24,8 млрд теңгені құрады, оның ішінде есепті жыл ішінде борыштың жалпы сомасы талабының 8,2 млрд теңгесі қанағаттандырылды: «Qazaq Banki» АҚ 11,36%-ға (1 050 млн теңге); «Астана Банкі» АҚ 30,83%-ға (7 058 млн теңге); «Валют-Транзит Банк» АҚ 56,86%-ға (115 млн теңге).

5-кесте. Таратылатын банктерге қойылатын Қордың талаптары, млн теңге

Мәжбүрлеп таратылатын банктердің атауы	Қордың таратылатын банкке қойылған талаптарының жалпы сомасы		2020.31.12. жағдай бойынша таратылатын банктердің өтелген қарызы		2020.31.12. жағдай бойынша Қордың таратылатын банктерге қойған талаптарының қалған сомасы	
	1	2	1	2	1	2
«Валют-Транзит Банк» АҚ	18 340,9	28,1	10 428,0	-	7 912,9	28,1
«Қазинвестбанк» АҚ	2,1	8,6	2,1	0,4	-	8,1
«Delta Bank» АҚ	201,2	1,7	201,2	-	-	1,7
«Qazaq Banki» АҚ	20 503,2	145,7	2 330,0	-	18 173,2	145,7
«Астана Банкі» АҚ	37 587,1	323,5	11 588,0	-	25 999,1	323,5
«Эксимбанк» АҚ	258,3	2,2	258,3	-	-	2,2
«Tengri Bank» АҚ	17 755,2				17 755,2	
Барлығы	94 648,0	509,8	24 807,6	0,4	69 840,4	509,3

Ескерту: (1) – кепілдік өтемақының сомалары бойынша; (2) – төленбеген міндетті күнтізбелік жарналар, уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыптары (бар болса) бойынша

2020 жыл ішінде тарату комиссияларының Қордың талаптарын қанағаттандыру динамикасы 2019 жылмен салыстырғанда өсті: «Валют-Транзит Банк» АҚ – 0,63%-ға, «Qazaq Banki» АҚ – 5,12%-ға және «Астана Банкі» АҚ – 18,78%-ға.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

КЕПІЛДІК ӨТЕМАҚЫСЫН ТӨЛЕУ



Кепілдік берілген өтемді төлеу

2020 жылы ҚНРДА «Tengri Bank» АҚ-тан барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны қайтарып алу туралы шешім қабылдады. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген заңнамалық өзгерістердің арқасында қысқа мерзімде уәкілетті орган Р&А жүргізбеу туралы шешімнің және Қордың салымшылардың тізілімін дайындау және агент банкті таңдау бойынша жедел жұмысының арқасында «Tengri Bank» АҚ салымшыларына кепілдік өтемақыны төлеу қатысушы банктің барлық банктік операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған күннен бастап 8 жұмыс күнінен кейін басталды (2020 жылғы 30 қыркүйек). Барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылған қатысушы банк салымшыларының тізілімін жедел алу және салымшы туралы мәліметтерді агент банкке берудегі ықтимал

қателіктерді жою үшін Қор 2020 жылы барлық қатысушы банктерде салымшылардың тізілімін тексеруге арналған ақпараттық жүйені жаңартып, қайта орнатты. Бұл шара тізілімді дайындау кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік берді, сонымен қатар «Tengri Bank» АҚ салымшыларына төлемдердің басталу уақытына оң әсер етті.

Бұл кезең ДҚЖ үшін рекорд болып табылады, өйткені бұған дейін сот рәсімдерінің аяқталуын күтуге байланысты өтем төлеудің басталу мерзімі банк лицензиясынан айырылған күннен бастап 80-нен 107 жұмыс күніне дейін созылатын.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қор мәжбүрлеп таратылатын 6 банктің («Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Астана Банкі» АҚ және «Эксимбанк Қазақстан» АҚ) және лицензиясынан айырылған «Tengri Bank» АҚ салымшыларына төлем жүргізді.

6-кесте. Мәжбүрлеп таратылатын банктер және барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған банктер

Таратылатын немесе лицензиясынан айырылған банктердің атауы	Лицензия-дан айыру күні	Сот шешімінің заңды күшіне енген күні	Кепілдік берілген өтемді төлеудің басталу күні	Салым-шылардың жалпы саны	Кепілдік берілген өтем сомасы, барлығы, млн теңге	2020 жылы төленген кепілдік берілген өтем сомасы, млн теңге
«Валют-Транзит Банкі» АҚ	26.12.06	01.03.07	26.03.07	267 285	18 341,0	0,1
«Қазинвестбанк» АҚ	27.12.16	24.01.18	13.02.18	293	2,1	0,1
«Delta Bank» АҚ	03.11.17	25.04.18	17.05.18	2 668	201,2	8,8
«Qazaq Banki» АҚ	28.08.18	12.12.18	24.12.18	18 001	20 503,2	59,8
«Астана Банкі» АҚ	19.09.18	09.01.19	26.01.19	268 457	37 587,1	44,6
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	28.08.18	16.01.19	04.02.19	299	258,3	0,02
«Tengri Bank» АҚ	18.09.20	15.02.21	30.09.20	36 583	17 755,2	16 620,7
Барлығы				593 586	94 648,1	16 734,2

2020 жылдың 30 қыркүйегінен 31 желтоқсанына дейін «Tengri Bank» АҚ салымшылары агент банк арқылы 16,6 млрд теңге көлемінде кепілдік өтемақы алды, бұл Қор міндеттемелерінің жалпы сомасының 94% құрайды.

Төлемдер карантиндік шараларға қарамастан әдеттегідей жүргізілді: таңдалған агент банк салымшыларға өтінімдерді қашықтан жіберу, өтем

сомаларын онлайн тексеру және филиалдардың жұмыс жүктемесін қадағалау үшін оларға тиісті опциялар ұсынды.

Басқа банктердегідей кепілдік өтемақыны төлеуге өтініш бергендердің үлесі төмен болып қала береді. 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өтемақы алуға тек 6077 адам немесе «Tengri Bank» АҚ салымшыларының жалпы санының 17%-ы ғана жүгінді.

Бұл селқостық бірнеше факторларға байланысты. Басты себеп – мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшыларының көпшілігінің шоттарында, карточкаларында және салымдарында аз (1000 теңгеден төмен) қалдықтары бар және тәжірибе көрсеткендей, мұндай салымшылар өтемақы алуға жүгінуге асықпайды. Сондай-ақ көбінесе салымшылар бұрын ашылған шоттардың болуын ұмытады немесе салымшылардың мұрагерлері мұндай шоттардың бар екенін білмейді. Бұл ретте Қор салымшыларды кепілдендірілген өтемақы алуға өтініш беру қажеттілігі туралы хабардар ету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Есепті жылы салымшыларға қолайлы жағдай туғызу, «ұйқыдағы шоттар» мәселесін шешу үшін (олардың аз болуына байланысты талап етілмеген өтемақы сомалары) Қор кепілдік өтемақы төлеу үдерісін автоматтандыруға бағытталған дайындық жұмыстарын жүргізді, соның ішінде салымшыларға өтемақыға онлайн тапсырыс беру мүмкіндігін беру. Сонымен қатар ҚРҰБ-бен

бірлесіп, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кепілдік өтемақыны төлеу үдерісін автоматтандыру, салымшыларға қызмет көрсету әдісін кеңейту (көп арналы қызмет) және салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына ерікті зейнетақы жарналарының сапасы бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) талап етілмеген кепілдік өтемақы сомаларын аудару бойынша өзгерістер енгізілді.

2020 жылдың соңына қарай кепілдік өтемақы алу үшін таратылған (лицензиядан айырылған) банктердің 136,7 мың салымшысы өтініш білдірді. Қор жалпы сомасы 92,4 млрд теңгеге кепілдік өтемақы төледі. Бұл ретте кепілдік өтемақы алуға өтініш бермеген салымшылардың жалпы саны шамамен 460 мың адамды құрады.

2020.31.12. жағдай бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу статистикасы

Таратылатын немесе лицензиясынан айырылған банктердің атауы	Өтініш берген салымшыларға төлемдердің үлесі	Өтініш берген салымшылардың үлесі
«Валют-Транзит Банкі» АҚ	98%	24%
«Қазинвестбанк» АҚ	97%	4%
«Delta Bank» АҚ	51%	12%
«Qazaq Banki» АҚ	99%	33%
«Астана Банкі» АҚ	99%	23%
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	99%	40%
«Tengri Bank» АҚ	94%	17%

2020 жылдың 28 наурызында «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ салымшыларына кепілдік өтемақыны төлеу оның түпкілікті таратылуына байланысты тоқтатылды. Заңға сәйкес, Қордың салымшылар алдындағы міндеттемелері қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы ақпаратты Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізген күннен бастап бір жыл өткен соң, бірақ қатысушы банк барлық банктік операцияларды

жүргізу лицензиясынан айырылған күннен бастап бес жылдан кем емес мерзімде тоқтатылады. «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ мәжбүрлеп таратылуы туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 28 наурыздағы бұйрығымен бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілді.

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРІ
БОЙЫНША 2020
ЖЫЛҒА ҰСЫНЫЛАТЫН
МАКСИМАЛДЫ СЫАҚЫ
МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ**




Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 2020 жылға ұсынылатын максималды сыйақы мөлшерлемелері

Жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау мен бекіту әдістемесіне (Әдістеме) сәйкес мөлшерлемесі тиянақталған, теңгедегі депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер ай сайын, ал шетел валютасындағы депозиттер бойынша қажет болған жағдайда белгіленеді.



2-графика. Жеке тұлғалардың теңгедегі және шетел валютасындағы депозиттері бойынша 2020 жылға ұсынылатын ең жоғары пайыздық мөлшерлемелері, %




*Теңгемен (толықтырусыз) және шетел валютасымен (12 ай немесе 12 айдан астам) салымдар бойынша максималды мөлшерлемелердің арасында ең жоғары мөлшерлемелер көрсетілген.

Теңгедегі депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер

Депозиттің түрі мен мерзіміне байланысты теңгедегі депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелердің мөлшері ҚРҰБ базалық мөлшерлемесіне немесе нарықтық мөлшерлемеге (банктердің жаңадан тартылған депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесіне) негізделген. Мерзімсіз салымдар бойынша максималды мөлшерлемелер, сондай-ақ 3 және 6 айлық мерзімді және жинақ салымдар базалық мөлшерлеме мен спрэд сомасы ретінде анықталады; ал 12 ай немесе одан көп мерзімге арналған жинақ және мерзімді салымдар үшін – нарықтық мөлшерлеме мен спрэд сомасының қосындысы ретінде айқындалады.

Банктік мөлшерлеменің ұлғаюына байланысты теңгедегі депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелердің елеулі өзгерістері 2020 жылдың наурызында болды. 2020 жылғы 10 наурызда ҚРҰБ базалық мөлшерлемені 9,25%-дан 12%-ға дейін көтерді, сонымен қатар пайыздық мөлшерлемені $\pm 0,5$ п.т. ұлғайтты. Нәтижесінде мерзімді салымдар бойынша спрэдтер 0,5-тен 1 п.т., 3 және 6 айлық жинақ салымдары бойынша 1-ден 2 п.т. дейін ұлғайтылды.

3-графика. 2020 жылға базалық мөлшерлеме, %



Осылайша 2020 жылдың наурызында теңгелік депозиттер бойынша ұсынылатын мөлшерлемелер максималды мәнге жетті:

- Мерзімсіз салымдар бойынша - 12,5% және 13,0%;
- Мерзімді салымдар бойынша - 12,9%;
- Жинақ салымдар бойынша (депозиттер) - 15,5%.

Кейіннен экономикадағы негізгі жағымсыз сәттер жүзеге асқан соң, ҚРҰБ базалық мөлшерлемені бұрынғы деңгейге қайтару туралы шешім қабылдады. Базалық мөлшерлеменің осындай күрт ауытқуларының теріс әсерін жою үшін Қор базалық мөлшерлемеге белгілі бір спрэдті белгілеу және бекіту есебінен ұсынылатын максималды мөлшерлемелерді жатықтыру және едәуір баяу төмендету жоспарын енгізді.

Ұзақ мерзімді жинақ салымдар (депозиттері) бойынша мөлшерлемелердің нарық негізінде қалыптасуы олардың тұрақты түрде өсуіне әкеп соқты. Бұл өз кезегінде орташа нарықтық мөлшерлемелердің де жоғарылуына ықпал етті. Банктердің бұл тәсілі пайыздық маржаның қауіпті тарылуына әкелуі мүмкін, бұл банктерді неғұрлым агрессивті несиелік саясатты жүргізуге мәжбүрлейді, банктердің қаржылық күшін әлсіретеді және жүйелік тәуекелдерді арттырады. Есепті жылы банктердің қаржылық тұрақтылығын сақтау үшін жүйелік тәуекелдерді төмендету мақсатында Әдістемеге экономикадағы пайыздық табыстылықтың базалық деңгейіне (ҚРҰБ) қатысты максималды мөлшерлемелердің жоғарғы шегі – мөлшерлемелерді шектеу мөлшерін (CAP) орнатуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл шешім, егер максималды мөлшерлеме CAP мәніне жетсе, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесіне қатысты мөлшерлеменің өсуін автоматты түрде және тез шектеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл

белгілі бір дәрежеде нарықтық факторлардың есебін де, реттеуші жүргізетін ақша-несие саясатының қазіргі шарттарын да біріктіруге мүмкіндік береді.

Алайда бұл тетік басталғаннан бері ұзақ мерзімді депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер елеулі өзгерістерді көрсетпеді. Осылайша ұзақ уақыт бойы мөлшерлеме 14% деңгейінде тұрақталды (CAP деңгейінде). Осылайша банк секторының жоғары табысты тұтынушылық несиелендіруді жүзеге асыру және нығайту арқылы уақытша бүркемелеуді қолдана отырып, тәуекелдердің өсуін елемеу нәтижесінде мөлшерлемелерді белгілеу аясында нарықтық емес күштер белең ала бастады.

Осы проблема шеңберінде Қор ҚРҰБ-бен бірге банктердің табыстылық бейіні мен Қор жеке тұлғалардың салымдарын сақтандыру ретінде қабылдаған тәуекелдердің өсуін ескере отырып, ұзақ мерзімді салымдарды агрессивті тарту арқылы банктердің тәуекелдерді қабылдауын жақсартуға бағытталған жобаны бастады.

Ұсынылған механизмге сәйкес жүйелік тәуекел үшін жарна мөлшерлемесі қатысушы банктің орташа алынған мөлшерлемесінің ұлттық валютадағы стандартты 12 және 24 айлық жинақ және мерзімді салымдарының шекті мөлшерлемесінен (нарықтық мөлшерлеме +0,5 п.т.) асып кету мөлшеріне байланысты. Егер қатысушы банк бұл депозиттерді шекті мәннен жоғары мөлшерде тартса, онда артық мөлшеріне байланысты негізгі жарнамен бірге әрбір тоқсан сайын тартылған депозиттер көлемінен 0,2%-дан 1%-ға дейінгі мөлшердегі жүйелік тәуекелге қосымша жарна төлейді. Бұл ретте жүйелік тәуекелге жарна сомасына шектеу белгіленді – ол 400 миллион теңге.



2020 жылдың 2-тоқсанында Қорға қосымша жарналар енгізу арқылы жүйелік тәуекелділікті төмендетудің макроэкономикалық құралы Қордың Консультативтік кеңесінің отырысында қатысушы банктердің көпшілік даусымен қолдау тапты және Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінде мақұлданды. 2020 жылдың қарашасында Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен жоба мақұлданды және 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Жүйелік тәуекел үшін жарна енгізу нарықтық мөлшерлемені тұрақтандыруға және ұзақ мерзімді жеке салымдар бойынша мөлшерлемелердің өсуін шектеуге көмектеседі деп күтілуде.

Шетел валютасындағы депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер

Шетел валютасындағы депозиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме LIBOR (Лондонның банкаралық нарығында ұсынылатын АҚШ долларындағы үш айлық несие бойынша орташа алынған қарапайым сыйақы мөлшерлемесі) сілтеме бойынша белгіленеді: ± 2 п.т.

2020 жылдың бірінші тоқсанында шетел валютасындағы депозиттер бойынша ұсынылатын ең жоғары мөлшерлемелер өткен жылғы мәндер деңгейінде қалды – ұзақ мерзімді депозиттер бойынша 2%, ал 12 айға дейін мерзімсіз, мерзімді және жинақ депозиттер бойынша – 1%. 2020 жылдың наурыз айының соңында 12 ай немесе одан да көп мерзімге шетел валютасындағы жинақ пен мерзімді салымдар бойынша ұсынылатын ең жоғары мөлшерлеме төмендеп, 1%-ға дейін қайта қаралды. Бұл қайта қарау АҚШ-тың Федералдық резервтік жүйесі бойынша мөлшерлеменің 0,0%-0,25%-ға дейін төмендеуімен және сыртқы қарыз нарығындағы кірістілікпен байланысты, бұл өз кезегінде банктердің шығыстарының ұлғаюына байланысты олардың пайдасына теріс әсер етеді.

8-кесте. 2020 жылдың желтоқсан айына ұсынылатын максималды мөлшерлемелер

Депозит категориясы	Толықтырылады	Толықтырылмайды
1. Ұлттық валютадағы депозиттер		
1.1. Мерзімсіз	9,0%	9,0%
1.2. Мерзімді		
3 ай	9,0%	9,5%
6 ай	9,0%	9,5%
12 ай	10,3%	10,7%
24 ай	9,1%	9,4%
1.3. Жинақ		
3 ай	10,0%	10,5%
6 ай	10,0%	10,5%
12 ай	12,3%	14,0%
24 ай	11,7%	13,2%
2. Шетел валютасындағы депозиттер		
2.1. Мерзімсіз	1,0%	1,0%
2.2. Мерзімді		
12 айға дейін	1,0%	1,0%
12 ай немесе одан көп	1,0%	1,0%
2.3. Жинақ		
12 айға дейін	1,0%	1,0%
12 ай немесе одан көп	1,0%	1,0%



KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ




Депозит нарығының даму үрдістері

2020 жыл депозиттік нарықтың құрылымдық дамуы мен динамикасына елеулі әсер еткен бірқатар оқиғалармен есте қалды. Осылайша жаһандық коронавирустық пандемия мен карантиндік шектеулердің енгізілуі отандық экономикадағы іскерлік белсенділіктің айтарлықтай төмендеуіне, сондай-ақ ҚРҰБ бен Үкіметтің бірқатар шаралар қабылдауына әкеп соқты.

Алайда депозиттердің өсу динамикасына қатысты консервативті күтулерге қарамастан, халықтың салымдары рекордтық өсімді көрсетті. Бір қарағанда депозиттердің өсуі мен экономикадағы төмендеу арасындағы айқын емес байланысты мұқият зерттегенде келесі факторлардың/тенденциялардың ықпалымен түсіндіруге болады:

- 1** көбінесе фискалдық арна арқылы жүзеге асырылып жатқан ақша ұсынысын кеңейту – Ұлттық қор есебінен бюджет тапшылығын жабу, әлеуметтік көмектің рекордтық сомасы, ұлттық валютаны қолдау шаралары.
- 2** теңге мөлшерлемесін, оның ішінде нақты мөлшерлемені ҚРҰБ-тің экономикадағы дағдарысқа жауап ретінде өскен базалық мөлшерлемені байланыстыру арқылы жеткілікті жоғары деңгейде ұстап тұру.
- 3** валюталық бағамның әсері – валюта бағамының құнсыздануына байланысты теңгемен көрсетілген шетел валютасындағы депозиттердің бастапқы кеңеюі және кейіннен бұл артықшылықты теңгелік депозиттерге айналдыру.
- 4** несиені көбейтудің әсері, негізінен бөлшек несиелендіру.
- 5** карантиндік шектеулер аясында шектеулі немесе қолжетімсіз болуына байланысты бірқатар шығыстар халықтың қоржынынан асып кетті, бұл өз кезегінде жинақ мөлшерлемесінің стандартты деңгейден жоғары өсуіне әсер етті.

ЖІӨ-дегі бөлшек салымдардың үлесі 2020 жылы 15,6% (2019 жылы 13,4%) құрады. Теңгелік салымдар ЖІӨ-нің 9,5%-ын құрады (2019 жылы 7,8%). Бұл ретте елдің ақша массасы құрылымында халықтың депозиттері ақша массасының басқа сегменттерінен басымдық серпін көрсетпей, 43,8% (2019 жылы 43,6%) құрады.




Бөлшек депозиттердің дамуының жалпы динамикасы

Бөлшек депозиттердің жылдық өсімі 17,4%-ды құрады (2019 жылы +6,1%). Нәтижесінде тұрғындардың депозиттері рекордтық 10,9 триллион теңгеге жетті. Инфляцияны ескере отырып, нақты өсім 9,9% болды (2019 жылы +0,7%). Ұлттық валютадағы депозиттер 23,6%-ға өсті (2019 жылы +18,2%), шетел валютасындағы депозиттер 8,8%-ға өсті (2019 жылы -7,1%).


Валюталық қайта бағалауды қоспағанда (айырбастау бағамы 2019 жылдың аяғында бекітілген), 2020 жылы бөлшек депозиттердің өсімі 13,1%-ды (2019 жылы +6,5%) құрады.

4-графика. Бөлшек депозиттердің динамикасы



Теңгедегі депозиттердің негізгі түсімі 2-ші және 4-ші тоқсанға сәйкес келді. Тарихи, маусымдық, халықтың теңгелік салымдардың ең көп және негізгі ағыны 4 тоқсанда байқалады. Алайда ағымдағы жылы салыстырмалы ағын 2-тоқсанға сәйкес келді. Дәл осы тоқсанда карантиндік шектеулер мен бюджет есебінен халыққа мемлекет тарапынан көмек көрсетуге қатысты шаралардың негізгі орындалуы жүзеге асырылды. Осы тоқсандағы өсім теңге салымдарының жалпы өсімінің 2020 жылғы 10,2%-ын қамтамасыз етті (жалпы өсім +23,6%). Бұл ретте 1-тоқсандағы жалпы өсу динамикасынан және кейіннен теңгемен көрсетілген шетел валютасындағы депозиттердің төмендеуінен, 2-тоқсанда теңге салымдарының өсуіне айырбас бағамының құлдырауына байланысты қалыптасқан, теңгемен көрсетілген шетел валютасындағы жинақтардың белгілі бір артық ақшасын айырбастау елеулі үлес қосқаны анық байқалады. Осылайша шетел валютасындағы депозиттер теңгенің құнсыздануына және халық арасында теріс күтулердің өсуіне қарамастан, доллармен есептегенде 1,4%-ға төмендеді (2019 жылы -6,4%).

5-графика. Кіріс ағындары бойынша депозиттердің динамикасы



Долларсыздану теңгенің әлсіреуінің жалғасуымен және теңгелік депозиттер бойынша салыстырмалы түрде жоғары мөлшерлемелермен бірге, халықтың депозит салымының өсуіне айтарлықтай әсер етті. Алайда бұл үрдістің басым бөлігі 2018 жылға дейін аяқталды және халықтың теңгелік депозиттерінің өсуі үрдістік мәнге қайта оралды. Сонымен қатар халықтың теңгелік депозиттерінің жалпы өсімі 2020 жылы қайтадан болжамды тренд деңгейінен асып түсе бастады.

Осылайша теңгелік депозиттердің мұндай тез өсуі бірқатар монетарлық факторларды, сондай-ақ коронавирустың таралуына байланысты экономикаға көрсетілген, бұрын-соңды болмаған қаржылық көмектің әсерін көрсетеді.

Жеке шоттар 2020 жылы 27,2%-ға өсті (2019 жылы +16,5%), бұл өте жоғары көрсеткіш. Бұл өсудің негізі (98,9%) - депозиттік және карталық шоттардың 1 миллион теңгеге дейін өсуі болды. Теңге шоттарының өсуінің негізгі шыңы (2020 жылы шоттардың жалпы өсімінің 86,3%) 2-тоқсанға (47,7%) түсті, бұл негізінен мемлекеттің карталық/ағымдағы шот бойынша көмекқаржы бағдарламасын іске асыруына байланысты.

Шетел валютасындағы шоттар бір жыл ішінде 67%-ға өсті, бірақ абсолюттік мәнде (+2,5 млн шот) бұл өсім теңгедегі шоттардың абсолютті өсімінен (+16 млн шот) әлдеқайда аз көрінеді.


Шетел валютасындағы шоттардың негізгі өсімі жаппай сегментте байқалды (+67,5%). Бұл өсім 2020 жылдың барлық тоқсандарында біркелкі болды. Сондай-ақ 2020 жылдың 1-тоқсанында барлық сегменттерде шетел валютасындағы шоттардың қысқа мерзімді өсуін атап өткен жөн, бұл экономикадағы және ең алдымен, теңге бағамындағы болып жатқан теріс өзгерістерге қатысты реакция ретінде болды.

Жалпы алғанда әр сегмент сомасының 2020 жылға арналған шоттар санының қатынасына қарағанда, теңгелік депозиттердің ең үлкен сегментінде жаңа шоттардың өсуі аз болған сайын күшті өсуді қоспағанда, айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Бұл 2020 жыл ішінде қолданыстағы ірі теңгелік шоттардың белсенді түрде толықтырылуын көрсетуі мүмкін. 2020 жылы валюта бағамының құбылмалылығына жауап ретінде кішігірім немесе тіпті бос валюталық шоттардың ашылуы ерекше байқалды.

Депозиттер құрылымының дамуы

2020 жылдың соңында тұрғын үй салымдарының сома өлшемшарты бойынша сегменттелуі келесідей болды: бұқаралық сегмент 55,0% (2019 жылы 54,7%), орташа сегмент 12,2% (2019 жылы 11,8%), ірі сегмент 32,8% (2019 жылы 33,5%).


6-графика. Бөлшек депозиттер сегменттері



Кепілдендірілген сомадан асатын депозиттер сомасының депозиттердің жалпы сомасына қатынасы (жинақ салымдар бойынша түзетілмеген) арқылы көрінуі мүмкін банк жүйесіне сенім деңгейінің жанама көрсеткіші теңгеде 36,3%-ды (2019 жылы 35,3%), шетел валютасында 86%-ды (2019 жылы 84,5%) құрады. Нәтижесінде тұрғындар несиелік тәуекелге емес, бағамдық тәуекелге басымдық береді деп қорытынды жасауға болады, ал керісінше жағдай теңгелік депозиттер бойынша байқалады.


Тағы бір мәселе – үлкен сегментте шетел валютасындағы депозиттердің жеткілікті күшті шоғырлануы 69,5% (2019 жылы 71%). Қарама-қарсы шектен шығу теңгелік депозиттерде байқалады, себебі негізгі және басым сегмент – жаппай сегмент – депозиттердің жалпы көлемінің 72,4% (2019 жылы 72,9%).

7-графика. Бөлшек депозиттер сегментіндегі 2020 жылдағы өзгерістер



Депозиттерді өтеу мерзімі бойынша сегменттеу 2020 жылы келесідей болды: мерзімді салымдар – 63,4% (2019 жылы 69,7%), ағымдағы және карточкалық шоттар – 15,3% (2019 жылы 13,6%), мемлекет субсидиялаған депозиттер – 9,7% (2019 жылы 8,9%), жинақ салымдары – 6,7% (2019 жылы 5,4%), өтеу шарттарына жауап беретін депозиттер – 4,6% (2019 жылы 2,3%), талап бойынша салымдар – 0,4% (2019 жылы 0,2%).

8-графика. Бөлшек депозиттік өнімдер динамикасы



Депозиттердің жалпы өсімі және ағымдағы/карточкалық шоттардың мерзімсіз салымдарының шамалы үстемдігімен (өсімге үлес 27,3%) салым өнімдерінің әрқайсысының салыстырмалы түрде ұқсас үлесімен қамтамасыз етілді (өсімге үлес 24,9%).

Теңгелік депозиттер шеңберінде жалпы өсімге негізгі әсер еткен салымдар - мерзімсіз салымдар (өсімге үлес 34,5%) және ағымдағы/карточкалық шоттар (өсімге үлес 27,2%) және жинақ салымдары (өсімге үлес 20,6%) болды.


Шетел валютасындағы депозиттер бойынша жалпы өсімнің 85,1%-ы өтеу мерзіміне сәйкес келетін депозиттер динамикасымен қамтамасыз етілді. Бұл өсім доллармен есептегенде қайта бағалаумен де, жаңа қаражаттардың келуімен де қамтамасыз етіледі. Бұрын бұл депозиттер сегментінде шетел валютасындағы шоттардың болуы өте төмен болды (шетел валютасындағы шоттардың жалпы үлесі 10,7%, 2019 жылы 4,2%). Бұл қаражаттың ұлғаюы мерзімді емес депозиттердің шетел валютасындағы депозиттерінің сәйкесінше кетуімен сәйкес келеді. Бұл өзгерістер техникалық сипатта және ірі клиенттердің депозиттік шарттарын түзетумен байланысты болуы ықтимал – банктер тарапынан мерзімділікті шектеуді нақтылау. Өзгерістер нәтижесінде бөлшек депозиттік базада тұрақты қаржыландыру үлесі 2020 жылдың аяғында 12,5%-ды құрады (2019 жылдың аяғында 8,4%), ал негізгі өсім мерзімді шетелдік валютадағы депозиттердің ұлғаюына байланысты болды. Бұл ретте теңгені тұрақты қаржыландыру үлесі 11,9%-ды құрады (2019 жылы 9%) – негізінен жинақ депозиттерінің есебінен өсім, оның негізгі өсу шегі 2020 жылдың бірінші тоқсанына сәйкес келді.

Сонымен қатар ағымдағы және карточкалық шоттардың 2020 жылы 31,9%-ға (2019 жылы +19,3%) өте маңызды өсуін атап өткен жөн. Бұл ретте салымдардың бұл түрлері үшін нөлдік мөлшерлеме қарастырылған. Осылайша бөлшек теңгелік депозиттік базадағы бұл арзан қаржыландырудың үлесі (субсидияланған депозиттерді есептемегенде) 23,9%-ды құрады (2019 жылы 21,7%, 2018 жылы 20,1%).

Депозиттердің долларлануы

2020 жылдың соңына қарай депозиттердің долларлануы 38,7%-ды құрап, бір жыл ішінде 3,1 п.т. төмендеді. Долларланудың төмендеуі теңгенің әлсіреуінің жалғасуы аясында болды (жылына 10,4%). Долларланудың жыл бойына айтарлықтай елеулі серпілісі бірінші тоқсанда байқалды, бұл макроэкономикалық жағдайдың және атап айтқанда, мұнай бағасының нашарлауына байланысты теңгенің күрт құнсыздануынан (17,5% дейін) туындады. Сонымен 2020 жылдың 1-тоқсанының соңында долларлану 47,4%-ды құрады (айырбас бағамына түзетулерді ескере отырып, 43,4%). Алайда ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің тез арада қайта қаралуына және ұсынылатын максималды депозит мөлшерлемесінің сәйкесінше өсуіне байланысты долларлану деңгейі екінші тоқсанның соңында 41,6%-ға (жыл басында 41,8%) оралды.

9-графика. Депозиттердің долларлануы



Жалпы алғанда долларланудың жалпы деңгейінің төмендеуі негізінен теңгелік депозиттердің едәуір күшті өсуімен байланысты болды, ал АҚШ долларындағы валюталық салымдар 2020 жылы тек 1,4%-ға төмендеді.

Долларлану әр сегменттің үлесі ретінде былайша көрініс береді: ірі сегмент – 22,8% (2019 жылдың аяғында 23,9%), орташа сегмент – 5,3% (2019 жылы 5,7%), жаппай сегмент – 10,7% (2019 жылы 12,2%). Сегменттерге қатысты долларлану 2020 жылдың аяғында болды: ірі сегмент – 69,5% (2019 жылдың аяғында 71%), орташа сегмент – 43,1% (2019 жылы 48,5%), жаппай сегмент – 19,4% (2019 жылы 22,3%).

10-графика. Долларлану сегменттер тұрғысында



Бұл ретте 2020 жылдың аяғында әр сегмент бойынша АҚШ долларында көрсетілген шетел валютасындағы депозиттер сомасының динамикасы мынадай көрсеткішке ие болды: ірі сегмент +1,6%, орташа сегмент -2,3%, жаппай сегмент -7%.

Теңгенің әлсіреуіне және макроэкономикалық жағдай долларлық депозиттердің ұлғаюына, сәйкесінше долларландыру деңгейінің өсуіне әкеп соқты. 2020 жылдың 1 тоқсанындағы

жағдай бойынша бұл үлкен сегментке әсер етті: +7,7 п.т. сегменттің өзінде өсу және +4.4 п.т. долларланудың жалпы деңгейіне қосқан үлесі (долларланудың жалпы өсімі +5,7 п.п.). Шетел валютасындағы депозиттердің 2020 жылдың бірінші тоқсанында АҚШ долларындағы өсімі сегменттер тұрғысынан алып қарағанда былайша көрініс тапты: ірі сегмент +7,2% (2-тоқсанда -3,8%), орташа сегмент -0,3% (екінші тоқсанда -5,8%), жаппай сегмент -4,8% (екінші тоқсанда -0,8%).

11-графика. Долларлану депозит түрлері тұрғысында



Депозиттердің түрлері бойынша жалпы долларлануға үлесті бөлу нәтижесі мынадай: мерзімсіз 30,3% (2019 жылдың аяғында 35,6%), мерзімді 4,2% (2019 жылы 1,8%), жинақ 1% (2019 жылы 1, 5%), талап етілетін 0,3% салымдар (2019 жылы 0,1%), карточкалық шоттар 2,9% (2019 жылы 2,9%).


Депозиттердің әрбір түрі тұрғысында долларлану 2020 жылы былайша дамыды: мерзімсіз - 47,8% (2019 жылдың аяғында 51%), мерзімді - 90,7% (2019 жылы 76,8%), жинақ - 14,6% (2019 жылы 27,3%), талап етілмелі салымдар 85,6% (2019 жылы 57,9%) және карточкалық шоттар - 19,3% (2019 жылы 21%).



KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

АҚПАРАТ БЕРУ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ



Ақпарат беру-түсіндіру жұмыстары

Қор жұмысының басым бағыттарының бірі – ДКЖ және оның қызметі туралы ақпарат беру. 2020 жылы сенімді ресми ақпараттың рөлі бұрын-соңды болмаған дәрежеге өсті. Ақпараттық кеңістікті жайлаған түрлі қауесеттер мен жалған жаңалықтардың көптігі Қордың БАҚ пен әлеуметтік желілерде маңызды және сенімді ақпаратты тарату жұмыстарын жандандыруды талап етті.

Ресми БАҚ-та материалдарды жариялау және теледидарда, сондай-ақ Қор сайтында жаңалықтарды тарату көпшілікке хабарлаудың ең белсенді түрі болды. Жыл ішінде Қор

қатысушы банктердің лицензиясынан айырылған салымшыларға кепілдік өтемді төлеуге, сондай-ақ ай сайын бекітіліп, ұсынылатын максималды сыйақы мөлшерлемелеріне арналған 34 ақпараттық хабарлама шығарды.

Қор 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер: салым бойынша сыйақыны кепілдендіру туралы, сондай-ақ кепілдік өтемақыны төлеуді бастау мерзімін қысқарту туралы ақпарат таратты. Материалдар Қор сайтында, «Время» қоғамдық-саяси газетінде, сондай-ақ баспасөз басылымдарында жарияланды.

Қыркүйек айында «Tengri Bank» АҚ лицензиясынан айырылған кезде Қор республикалық салымшыларға



кепілдік өтемақыны төлеу басталатын күн туралы ресми хабарламаларды республикалық баспасөз басылымдарында, электронды БАҚ пен теледидарда орналастырды. Қор Төрағасы «КТК», «Хабар», «Atameken Business Channel», «31 арна» телеарналарына сұхбат берді, онда кепілдік өтемақыны төлеудің тез басталуына назар аударылды.

Халықтың қалың бұқара топтарын қамту үшін Қор өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарында белсенді түрде ақпараттар орналастырды. «Маңғыстау», «Оңтүстік Қазақстан», «Спектр» және «Информ-вест» газеттерінде депозиттердің түрлері, кепілдік берілген шекті сомалар, өтемақы төлемдері

туралы мақалалар жарияланды, сонымен қатар Қор Төрағасының ДКЖ негізгі мәселелері, оны жетілдіру, салымшыларға барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер туралы сұхбаттары жарияланды. Қазақ тілді аудиторияны қамту үшін Қор мемлекеттік тілдегі материалдар топтамасын орналастырды, оның ішінде Қор Төрағасының сұхбаттары, әлеуметтік желілердегі ақпараттық хабарламалар бар. Барлық жарияланған материалдарда Қордың жаңартылған веб-сайтына белсенді сілтеме жасалды.

Қор сонымен қатар Telegram мессенджеріндегі «KDIF_info» арнасы мен «KDIF_ask» чаты, Facebook


және Instagram секілді әлеуметтік желілерде ақпарат беру-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Есепті жыл ішінде Facebook парақшасында шамамен 49, Telegram арнасында 50 және Инстаграмда 61 материал жарық көрді.

Кері байланыс

Кеңес беру және кері байланыс ұсыну – Қордың ақпарат беру-түсіндіру қызметінің маңызды бөлігі. Салымдардың түрлері мен оларға кепілдік беру шарттарына қатысты мамандардың ақыл-кеңестері және анықтамалық ақпарат беру, сондай-ақ сұрақтарға жауаптар 1460 тегін нөмірі бойынша байланыс орталығының операторлары арқылы жүзеге асырылды.

Қор қызметкерлері байланыс операторларын оқыту және ақпараттандыру үшін тұрақты негізде материалдар дайындады.

Қордың байланыс орталығы бір жыл ішінде шалынған 6 844 қоңырауға жауап берді. Телеграм-чатқа жазылушылардың қойған 80-нен астам сұрақтарына жауаптар орнатылды.



Өзге ұйымдармен өзара ынтымақтасу

Депозиттер бойынша кепілдіктер туралы хабардарлықты арттыру мәселелері бойынша басқа ұйымдармен өзара әрекеттестіктер онлайн форматқа ұласты. Осылайша Қор қызметкерлері Қордың ДКЖ-дегі рөлі бойынша Қазақстан Республикасының Заңнамасына 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚНРДА ұйымдастырған онлайн кездесулердегі таныстырылымдарға қатысты. Сонымен қатар «Проблемалық депозиттерге кепілдік беру жүйесінің әлемдік тәжірибесіндегі мәселелер» атты мақаласы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Экономикалық шолуы» басылымында жарияланды.

Есепті жылы Қор жаңартылған тұжырымдаманы қолдана отырып, 2019 жылы басталған ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастырды:

1. Қатысушы банктердің сайттарында және «электрондық үкімет» порталында (egov.kz) Қор туралы ақпарат және ресми сайтқа белсенді сілтеме орналастырылды;
2. Баспа өнімдері – үндеухаттар мен триплеттер, сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру құрылымдары қатысушы банктердің филиалдарына таратылып, орнатылды;
3. 2019 жылдың желтоқсанында шығарылған бес анимациялық бейнеролик Қордың ресми сайтында, қатысушы банктердің сайттарында, «электрондық үкімет» порталында (egov.kz), Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ХҚО мен «Қазпошта» АҚ кеңселеріндегі мониторларда орналастырылды.

Халықтың депозиттерді қорғау құқығы туралы білімдерінің жоғары деңгейі, депозиттерді саналы таңдау және белгілі бір банкте ақша салумен байланысты тәуекелдерді бағалау мүмкіндігі – мұның бәрі қаржы секторының тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Азаматтардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру – бұл қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтауға және азаматтарды қорғау тетіктерін жетілдіруге ықпал ететін стратегиялық міндет. Сондықтан Қор алдағы уақытта Қазақстан Республикасында ДКЖ туралы хабардарлықты арттыру мақсатында ақпарат беру-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастырады.

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



Халықаралық қызмет

Есепті жылы Қор IADI-ге қатысу аясында депозиттерге кепілдік беру жүйесін басқаратын шетелдік ұйымдармен халықаралық ынтымақтастық саласындағы жұмыстарды, оның ішінде өзара іс-қимыл жүргізу, тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастырды.

2003 жылдан бастап Қор IADI-дің, оның Зерттеу комитетінің, екі аймақтық комитеттің – Еуразиялық (EARC) және Азия-Тынық мұхиты аймағының (APRC) және депозиттерге кепілдік берудің нақты саласында мамандандырылған басқа да IADI тұрақты техникалық комитеттерінің белсенді мүшесі болды.


2020 жылы әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты IADI халықаралық іс-шаралары (кездесулер, семинарлар, сессиялар) тек бейнеконференция форматында өткізілді. Бұл форматты бетпе-бет кездесулермен бірге қолдану сирек кездеседі, бірақ ол бұрын қолданылған, алайда онлайн кездесулерді өткізу тетігі мен тәртібі тек 2020 жылы бекітілген. Бір жыл бұрын жоспарланған кездесулермен бірге, онлайн формат ұйымдардың көптеген қызметкерлеріне жиі кездесуге және іс-шараларға қатысуға мүмкіндік берді. Мысалы, 2020 жылдың қараша айында Қордың 17 қызметкері 2020 жылдың қарашасында дағдарысқа қарсы жұмыс пен реттеу бойынша Кореяның депозиттерге кепілдік беру корпорациясының (KDIC) үш күндік тренингіне қатысты.

Жалпы алғанда Қор 27 халықаралық іс-шараға қатысты, оның ішінде стресс-тестілеуге қатысуды, сондай-ақ IADI мүшелері жүргізген 16 сауалнама мен зерттеулерді айтуға болады.

Есепті жылы ЕЭО-да банктік депозиттерге кепілдік беру, тарату, қаржылық сауықтыру және несиелік ұйымдардың банкроттығы саласындағы үйлестіру бойынша Сараптамалық топтың жұмысы да белсенді кезеңге өтті. Айта кетелік, Қор осы сараптамалық топтың мүшесі. 2020 жылы Сараптамалық топтың отырыстары бейнеконференция арқылы өтті. Барлығы 9 отырыс өткізілді. Ал 2019 жылы тек 4 отырыс өткізілген болатын (тоқсанына бір рет өткізіледі).

Үйлестіру үдерісі 2025 жылға дейін аяқталады деп күтілуде: үйлестірудің бірінші кезеңінде – Сараптамалық топтың осы ұсыныстарды әрі қарай ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің қаржылық реттеушілерінен тұратын үйлестіру тобының қарауына ұсыну үшін белгілі бір өлшемшарттарды үйлестіру бойынша қорытындылар жасайды. Бұл ретте үйлестіру халықаралық қағидаттар мен стандарттар немесе үздік халықаралық тәжірибе негізінде және мүше мемлекеттерде бұрыннан қолданылып келе жатқан ең жақсы стандарттар мен тәжірибелерден төмен болмауы тиіс. 2020 жылы Сараптамалық топ ЕЭО-ға мүше мемлекеттерде сақтандыру жағдайын біріздендіру, кепілдік берілген өтем төлеудің басталу күні мен валютасын үйлестіру мәселелері бойынша белсенді түрде жұмыстар жүргізді.

Осылайша 2020 жыл бүкіл халықаралық қауымдастық үшін өте жемісті жыл болды. Атап айта кетер жайт, онлайн форматтағы эксперимент табысты болды деп есептеуге болады. IADI мүшелері бұл форматты жүзбе-жүз кездесулермен бірге жалғастыруды жоспарлап отыр.



KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ КЕЛЕШЕК БАҒЫТТАРЫ





Депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамытудың келешек бағыттары

Кепілдік берілген өтемді онлайн төлеу

Коронавирустық инфекция пандемиясындағы жаһандық жағдайды және барлық қызметтерді дерлік онлайн форматқа көшіру үрдісін ескере отырып, Қор есепті жылы лицензиядан айырылған банк салымшыларына кепілдік өтемақыны төлеу және төлемдер болашақта басталатын банктер бойынша онлайн-қызметті іске қосудың негізін қалады.

Осылайша кепілдік өтемақыны төлеу үдерісін жетілдіру шеңберінде Қор кепілдік өтемақыны төлеу тәртібін оңайлату (оңтайландыру) бойынша жұмысты жалғастырды және салымшыларға кепілдік өтемақыны алу бойынша онлайн немесе офлайн әдісін таңдау құқығын берді.

Бұл жұмыс шеңберінде Қор шетелдік мемлекеттердің, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың кепілдік өтемақыны төлеу үдерісін автоматтандыру бойынша ақпараттық жүйелер мен онлайн қызметтерді қолдану бөлігінде, оның ішінде салымшыларға қашықтан қызмет көрсету тәжірибесін белсенді түрде зерттеді.

Халықаралық тәжірибені талдау нәтижелері, сондай-ақ Қазақстанның қаржы секторында технологиялық шешімдерді қолдану тәжірибесі (үлгілері) негізінде Қор кепілдік өтемақыны төлеу үдерісін автоматтандыру үшін автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйе (АБАЖ) класының шешімін қолдануды таңдады. Осы шешім негізінде Қор кепілдік өтемақыны төлеудің электрондық порталын іске қосу бойынша жұмыс жүргізуде, ол таратылатын немесе лицензиясынан айырылған барлық банктердің салымшыларының тізілімдерін қамтитын бірыңғай ақпараттық жүйе болады және кепілдік өтемақы төлеу үдерісінің толық циклын: салымшылардың тізілімдерін жүктеуден бастап, өтем төлеуге дейінгі шараларды қамтиды. Бұл жүйеде мобильді және веб-қосымшалардың модульдері енгізілетін болады. Бұл салымшыларға кепілдік өтемақыны алуға алыстан (қашықтықтан) өтінім беруге мүмкіндік береді.

Жүйе сонымен қатар келесі мүмкіндіктерді береді:

- салымшының барлық банктерде төленетін кепілдік өтемақысының сомасын тексеруі;
- әр түрлі онлайн қызметтер арқылы салымшының өтініш беруі (Қордың Android, IOS платформаларындағы мобильді/веб-қосымшасы және «электрондық үкімет» порталы);

- салымшының бір өтініш аясында, ол клиент болып табылатын, таратылған немесе лицензиясынан айырылған барлық банктер бойынша кепілдік өтемақы алуы;
- өтініштің мәртебесін салымшының өз бетімен бақылауы.

Бұл ретте қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруі мен алаяқтық әрекеттерінің алдын алу/азайту мақсатында жүйеде салымшының авторлануы мен анықтаудың бірнеше деңгейін жүргізу көзделген (бірінші деңгейі – электрондық цифрлық қолтаңба арқылы, екіншісі – биометриялық сәйкестендіру немесе бір реттік парольді қолдану (мобильді азаматтар базасында тіркелген салымшылар үшін)).

Бұл ретте кепілдік өтемақыны электронды түрде төлеу жөніндегі өтінішпен қатар, агент банктер арқылы кепілдік өтемақыны алудың дәстүрлі әдісі сақталады. Салымшылардың өтініштері төлем басталған күннен бастап 1 жыл ішінде, ал таратылған немесе лицензиясынан айырылған банктердің салымшыларынан 2022 жылдың 1 мамырына дейін қабылданады.

Төлем басталған күннен бір жыл өткен соң кепілдік өтемақысының талап етілмеген сомалары салымшылардың ерікті зейнетақы жарналары ретінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады. Мұндай ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін зейнетақы шоттары салымшыларда жоқ болса, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ондай шоттар автоматты түрде ашылады. Төлем басталған күннен бастап 1 жыл ішінде

немесе 2022 жылдың 1 мамырына дейін дәлелді себептермен кепілдік өтемақы алуға өтініш бере алмайтын салымшылар үшін Қор растайтын құжаттар негізінде жазбаша өтінім беру арқылы өтем алу құқығын сақтайды.

2020 жылы кепілдік өтемақыны төлеу тәртібін жеңілдету (оңтайландыру) бойынша жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру үшін Қор Ұлттық Банкпен бірге «Экономикалық өсуді қалпына келтіруге қатысты Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы аясында 2021 жылдың 1 мамырынан бастап күшіне енетін тиісті заңнамалық түзетулерге бастамашылық жасады.

Қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалау моделі

Арнайы резервтің жеткіліктілігін қамтамасыз ету міндетін жетілдіру шеңберінде Қор 2007 жылдан бері қайта қаралмағандықтан, қаржылық сектордың нақты жағдайдың көрсетпейтіндіктен және болжамдылығы төмен болғандықтан, пайдаланылған бағалау моделін сапалы түрде қайта қарауда. Бұл трансформацияның тұжырымдамалық негізі ретінде тәуекелге бағдарланған тәсіл таңдалды. Ол банктердегі шынайы жағдайға жоғары сапалы мониторинг жүргізуге, әрбір уақыт аралығындағы



жағдайды жақсарту немесе нашарлату әлеуетін бағалауға және нәтижесінде салымшылардың құқықтары мен барлық қатысушылардың мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

2020 жыл ішінде қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделінің жобасы деректерді неғұрлым толық талдауды, сондай-ақ экономиканың қазіргі жағдайын және іске асыру жоспарларын ескере отырып тексерілді. Осы үдеріс аясында көрсеткіштер тұжырымдамалы түрде қайта қаралды. Бұл модельдің болжамдылығын жақсартуға мүмкіндік берді, ал бірқатар көрсеткіштердің мәні – таза статистикадан кешенді талдамалы көрсеткіштерге өзгерді. Бұл ретте жаңа модельдің жобасын Қор есепті жылдың соңында қатысушы банктерге және ҚҚҚ-ға таныстырды.

2021 жылы банк қауымдастығының бірқатар дәлелді және негізгі аспектілеріне сәйкес модельді тиянақты жетілдіру жоспарлануда. Жаңа модельді қолдануға көшу ҚРҰБ, Қазақстан Республикасы Қаржылық тұрақтылық жөніндегі Кеңесі және Қордың Консультативтік Кеңесімен барлық негізгі аспектілер келісілгеннен кейін жүзеге асырылатын болады.

Кепілдік берілген объектілерді кеңейту

2020 жылдың 16 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі туралы келісімдерге байланысты депозиттер бойынша кепілдік Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына бірдей қолданылады.

Қор, деректерді беру, жинау және қадағалаушылық реттеу ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының ДКЖ-ге кіруі аясында Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының қаржылық жағдайын бағалау тәсілдерін оңтайландыру және жетілдіру бойынша жұмыс жүргізетін болады. Бұл жұмыстың басты қиындығы – бейрезидент банктердің филиалдарын отандық банктерге тиесілі тәуекелдерді бағалаудың салыстырмалы деңгейі тұрғысында кемсітуге жол бермеу. Бағалау моделінің қолданыстағы логикасы шеңберінде, оның ішінде жаңа модельге көшуді ескере отырып, қолданылатын тәсілдерді бейрезидент банктердің филиалдарына аудару мүмкін емес. Осылайша қаржылық тұрақтылықты бағалау моделіне белгілі бір толықтыруларды әзірлеу қажет. Бұл бейрезидент банктердің филиалдарына тиімді бағалау шарасын жүргізуге мүмкіндік береді.


Резервті есептеу әдістемесін өзектендіру

Қор резервтердің қажетті мөлшерін бағалау дәлдігін және біздің елдің банк секторында болып жатқан оқиғаларға неғұрлым шынайы көзқарасты жақсарту үшін күтілетін шығындарды есептеу әдістемесін үнемі жаңартып отырады.

Осылайша 2020 жылы Қор қаржылық кепілдіктерді толық өтеу мақсатын көздеп, резервті есептеу әдістемесіне қатысушы банктерді 2-кезеңге жатқызу өлшемшарттарын кеңейту бөлігіне қатысты кейбір қатысушы банктер үшін стресстік сценарийдің басқа салмағын қолдану үшін сараптамалық пайымдаманы (негіздер болған жағдайда) қолдану мүмкіндігін, сондай-ақ Е санатындағы банктер үшін стресстік сценарий бойынша дефолт ықтималдығын анықтау үшін өзгерістер енгізді.

Қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделіне жоспарлы түрде көшу аясында Қор резервті есептеу әдістемесін, атап айтқанда қатысушы банктердің жіктеу топтарын анықтау бөлігіне қатысты өзгерту туралы бастама көтереді. Осылайша жаңа модельді енгізу – қатысушы банктің әрбір жіктеу тобы үшін дефолт ықтималдығының жаңа мәндерін есептеуге арналған әдепкі матрицаны жаңартуға мүмкіндік береді. Бағалау моделінің түбегейлі өзгеруін және оның тиімділігінің өсуін ескере отырып, Қор резервтердің болжамды деңгейін неғұрлым әділ құруға ұмтылады және есептеуге әсер ететін дефолт ықтималдығы мәндерінің ұлғаюын күтеді.

⁴ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021ж.02.01. ҚР Заңымен «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына тиісті түзетулер енгізілді.



KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге

2020 ж.
31 желтоқсан**2019 ж.**
31 желтоқсан**АКТИВТЕР**

Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	66,168,402	38,862,966
Амортизацияланған құны бойынша өлшенген борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	873,694,310	807,083,916
Дебиторлық қарыз	4,385,627	3,570,169
Басқа активтер	447,557	275,246
Материалдық емес активтер	17,482	18,722
Негізгі құралдар	56,314	63,659

БАРЛЫҚ АКТИВТЕР**944,769,692****849,874,678****МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Болжалды міндеттемелер	53,056,189	33,162,428
Кепілдік өтемақысын төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер	2,255,315	1,327,982
Басқа міндеттемелер	411,339	272,677

БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**55,722,843****34,763,087****МЕНШІКТІ КАПИТАЛ**

Акционерлік капитал	235,794,400	235,794,400
Бөлінбеген пайда	52,518,368	76,194,356
Эмиссиялық кіріс	133	133
Арнайы резерв	598,376,004	500,764,758
Басқа резервтер	2,357,944	2,357,944

БАРЛЫҚ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ**889,046,849****815,111,591****БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ****944,769,692****849,874,678**

**ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН ТУРАЛЫ ЖӘНЕ
БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың теңге

2020 ж.

2019 ж.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кіріс	72,884,116	58,015,267
Басқа ұқсас кірістер	81,974	-
Қатысушы банктердің жарналары мен мәжбүрлеп таратылған банктердің тарату комиссиясынан келген кіріс	39,172,057	36,082,475
Салымшылар алдындағы міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс	100,517	-
Мәжбүрлеп таратылып жатқан банктердің салымшыларына өтем сомасын өтеу бойынша шығындар	(6,867)	(908,027)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін есептен шығарудан шығындарды шегергендегі кіріс	-	(222,585)
Валюталық операциялардан алынған таза кіріс	(1,015)	(1,871,685)
Несиелік шығындар бойынша болжалды резерв	360,149	(827,214)
Болжалды міндеттемелер бойынша резерв	(37,648,928)	(14,714,034)
Басқа операциялық кірістер	5,966	320
Әкімшілік және басқа операциялық шығындар	(966,417)	(934,300)
Активтерді шығаруға арналған шығыстар	(1,627)	(2,166)
Салық салуға дейінгі пайда	73,979,925	74,618,051
Пайда салығы бойынша шығыстар	(44,667)	(248,661)
ЖЫЛДЫҚ ПАЙДА	73,935,258	74,369,390
БАРЛЫҚ ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	73,935,258	74,369,390

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге

	Акционерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Резервтік капитал	Арнайы резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	235,794,400	133	2,357,944	495,014,899	7,574,825	740,742,201
Жылдық пайда	-	-	-	-	74,369,390	74,369,390
Басқа жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	-
2019 жылдың барлық жиынтық кірісі	-	-	-	-	74,369,390	74,369,390
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта бөлу	-	-	-	5,749,859	(5,749,859)	-
2019 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	235,794,400	133	2,357,944	500,764,758	76,194,356	815,111,591
Жылдық пайда	-	-	-	-	73,935,258	73,935,258
Басқа жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	-
2020 жылдың барлық жиынтық кірісі	-	-	-	-	73,935,258	73,935,258
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта бөлу	-	-	-	97,611,246	(97,611,246)	-
2020 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	235,794,400	133	2,357,944	598,376,004	52,518,368	889,046,849

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге

2020 ж.

2019 ж.

Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары

Міндетті күнтізбелік жарналар түсімдері	30,470,783	28,648,001
Тарату комиссиясынан түсетін түсімдер	8,223,135	6,611,639
Орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түсімдері	4,486,609	7,837,411
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы	55,883,782	29,510,986
Салымшыларға кепілдік өтемақы төлеу үшін агент банктерге аудару	(17,430,000)	(43,400,154)
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы	81,973	-
Салымшыларға кепілдік өтемақысын төлеу	(243)	(1,592)
Басқа түскен операциялық кірістер	33,107	219,458
Қызметкерлерді ұстау үшін төленген шығындар	(493,911)	(430,216)
Әкімшілік және басқа операциялық төленген шығындар	(432,584)	(434,922)

Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары **80,822,651** **28,560,611**

Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қарыздық бағалы қағаздарға инвестициялар сатып алу	(358,298,486)	(781,807,832)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қарыздық бағалы қағаздарды өтеу мен сатудан түскен қаражат	304,790,672	757,085,122
Негізгі құралдарды сатып алу	(8,387)	(44,941)
Материалдық емес активтерді сатып алу	-	(13,180)

Инвестициялық қызметке пайдаланылатын таза ақша қаражаттары **(53,516,201)** **(24,780,831)**

Валюта бағамы өзгерісінің ақша қаражаттары мен ақша қаражаттарының баламаларына әсері **(1,015)** **52,326**

Ақша қаражаттары мен ақша қаражаттары баламаларының таза өсуі **27,305,435** **3,832,106**

Жыл басындағы ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары 38,862,967 35,030,860

Жыл соңындағы ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары **66,168,402** **38,862,966**